

2018 жылғы 28 қыркүйек
Қамқоршылық кеңесі отырысының
№ 1 хаттамасы

Қатысты: 25 адам
ТІ жөн. орынб. А.А. Карашина

Күн тәртібі

1. Қамқоршылық кеңесінің қызметін ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық негіздері;
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру тәртібі;
3. Қамқоршылық кеңесінің төрағасын қайта сайлауға;
4. Қамқоршылық кеңесінің хатшысын қайта сайлауға.

1.Тыңдады:

Басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А. Карашинаны тыңдады. Қамқоршылық Кеңесінің қызметін ұйымдастырудың құқықтық базасымен таныстырды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2007 жылғы 22 қазандағы № 501 бұйрығымен Қамқоршылық Кеңестің қызметін қамтамасыз етудің үлгілік ережелерін және оны сайлау тәртібі бекітілген. Осы Ережеге сәйкес Қамқоршылық Кеңес білім беру мекемесінің құрылтайшысы және ата-аналардың бастамасы бойынша осы білім беру ұйымында жалпы жиналыста құрыла алады.

1. Қаулы етті:

Қамқоршылық кеңесінің қызметін ұйымдастыру үшін нормативтік-құқықтық негіз назарға алынсын.

2. Тыңдады

Басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.А. Карашина тыңдады. Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру тәртібі, Қамқоршылық Кеңесінің құрамы жалпы жиналыс шешімімен 3 жылға сайланады, оның құрамына өзгертулер енгізілуі мүмкін. Қамқоршылық кеңесі мыналарды қамтуы мүмкін: Қамқоршылық Кеңесі құрылған білім беру ұйымының басшысы; басқа білім беру ұйымдарының, басқару органдарының өкілдері; жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестер; қоғамдық ұйымдар, қорлар, қауымдастықтар өкілдері; демеушілер. Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің функцияларын іске асыру өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

2.Қаулы етті:

Қамқоршылық кеңесі жұмысын ұйымдастыру тәртібі назарға алынсын, Қамқоршылық кеңесінің құрамына өзгеріс енгізу қажет емес

3. Тыңдады:

Басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.А. Карашина тыңдады.

Қамқоршылық кеңесі төрағасының сайлау

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы ретінде Ж.Б. Бастамиев қызметін жалғастыруын ұсынды.

3. Қаулы етті:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы ретінде Ж.Б. Бастамиев қызметін жалғастырады.

4. Тыңдады

Басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.А. Карашина тыңдады.

Қамқоршылық кеңесінің хатшысының қызметін жалғастыру

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы ретінде К.Ы. Утетелеуова қызметін жалғастыруын ұсынды.

4. Қаулы етті:

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы ретінде К.Ы. Утетелеуова қызметін жалғастырады.

Төраға:

Хатшы:

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:
